



БҮЙРЫҚ

ПРИКАЗ

2022 жылғы 18 сәуір

НҰР-СУЛТАН қаласы

№

151

город НҰР-СУЛТАН

2022 жылы Қазақстан
Республикасының орта білім беру
ұйымдарында білім алушылардың
білім жетістіктеріне мониторинг
өткізу туралы

«Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 55-бабының 4 және 6 тармактарына, сондай-ақ Білім алушылардың білім жетістіктеріне мониторинг жүргізу қағидаларына (бұдан әрі – Қағидалар) сәйкес **БҮЙЫРАМЫН:**

1. 2022 жылғы 18-29 сәуір аралығында орта білім беру ұйымдарында 4 және 9-сынып білім алушыларының арасында білім алушылардың білім жетістіктеріне мониторинг (бұдан әрі – ББЖМ) жүргізілсін.

2. Мыналар:

1) осы бүйрыққа 1-қосымшаға сәйкес ББЖМ жүргізу үшін орта білім беру ұйымдарының тізбесі;

2) осы бүйрыққа 2-қосымшаға сәйкес орта білім беру ұйымдарында ББЖМ жүргізу үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) өкілдерінің тізімі бекітілсін.

3. Министрліктің уәкілетті өкілдері орта білім беру ұйымдарында ББЖМ-ның белгіленген тәртіппен өткізуін бақылауды қамтамасыз етсін.

4. Аумақтық білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменттері;

1) 2022 жылғы 11 сәуірге дейін ББЖМ өткізу үшін Министрліктің уәкілетті өкілдердің орта білім беру ұйымдарына бөлуді ұйымдастырысын;

2) тестілеуге қатысадын орта білім беру ұйымдары үшін ББЖМ рәсімдері бойынша нұскама жүргізсін.

5. «Ұлттық тестілеу орталығы» респубикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны (Р. Емелбаев):

1) осы бүйрыкта белгіленген мерзімде орта білім беру ұйымдарында ББЖМ рәсімдерін ұйымдастыру-технологиялық сүйемелдеуді қамтамасыз етсін;

2) 2022 жылғы 5 мамырға дейінгі мерзімде Білім және ғылым сапасын қамтамасыз ету комитетіне (бұдан әрі – Комитет) ББЖМ нәтижелері туралы

өнірлер және білім беру үйымдары бөлінісіндегі статистикалық мәліметтерді ұсынсын;

3) 2022 жылғы 16 мамырға дейін Әдістемелік ұсынымдар өзірлей отырып, Кешенді талдауды жүзеге асыру үшін ББЖМ нәтижелері туралы статистикалық деректерді Комитетке ұсынсын.

6. Облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалалары білім басқармаларының басшылары ББЖМ рәсімдерін өткізуді үйимдастыруды (білім алушылардың деректер қорын қалыптастыруды, аудиторлық қорын қалыптастыруды, компьютерлік тестілеуді өткізу үшін техникамен қамтамасыз етуді, окушыларды аудиторияга кіргізу) қамтамасыз етсін.

7 «Ы. Алтынсарин атындағы Үлттық білім академиясы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны (М. Тыныбаева) ББЖМ нәтижелері бойынша Кешенді талдау мен әдістемелік ұсынымдарды 2022 жылғы 25 шілдеге дейін Комитетке ұсынсын.

8. Комитет (Г. Көбенова) білім бері үйимдарына ББЖМ нәтижелерінің кешенді талдауын, «Ы. Алтынсарин атындағы Үлттық білім академиясы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны дайынданған әдістемелік ұсынымдарды Қағидаларда белгіленген мерзімдерде жолдасын.

9. Уәкілетті өкілдердің іссапар шығыстары іссапарға жіберуші тараптардың жеке қаражаты есебінен төленеді.

10. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Комитет төрагасы Г.І. Көбеновага жүктелсін.

11. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

**Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым министрі**

А. Аймағамбетов

